

Ғ.Қ. Омаров¹ , Т.Ж. Тулегенов² , Б.Б. Бесетаев^{1*} 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі, Қазақстан, Есік қ.

*e-mail: besetaev86@gmail.com

ЕСІК ҚОРЫМЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС ЖАТҚАН ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖЕТІСУДЫҢ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЕРІНІҢ ЖЕРЛЕУ КЕШЕНДЕРІ

Мақалада Есік-Талғар тасжолының оңтүстігінде, Есік-Рахат археологиялық кешенінің Рахат-Өрікті бөлігінің тізбегінде орналасқан Есік қорымы мен ерте көшпелілер дәуіріндегі нысандардың толықтырылған және нақтыланған деректері бар іргелес аймақтардың археологиялық ескерткіштерін сақтауға және пайдалануға байланысты нәтижелер баяндалған. Сонымен қатар, Есік қорық-музейінің қорғау аймағынан басқа Жетісудың таулы аймақтарында анықталған жерлеу-ғұрыптық ескерткіштерінің жаңа түрлері туралы бірер пікірлер қамтылған. Осындай ескерткіштердің бірі – Есік-Рахат археологиялық кешені. Зерттеу барысында Жетісу өңірінің классикалық сақ уақытының (б.з. д. V–IV ғғ.) кезеңделуіне, әлеуметтік жіктеліс мәселелері, идеологиялық ұстанымдары мен негізгі шаруашылығына байланысты сұрақтар қарастырылды. Бұл ізденістер алдағы уақытта ерте темір дәуіріндегі ежелгі тұрғындардың рухани және материалдық мәдениетін терең зерттеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сонымен бірге, авторлар тарихнамалық тұрғыдан зерттеуші ғалымдардың Жетісу өңірі сақ кезеңінің кезеңделу мәселесіне байланысты ой-пікірлерін сараптай отырып, бүгінгі күндегі кезегі келіп жеткен өзекті мәселелердің бірі екендігін айтып өтеді. Методологиялық тұрғысынан археология ғылымында жиі қолданылатын картография, планиграфия және стратиграфиялық бақылаулар, типологиялық талдау, статистика элементтері мен әдістері барысында қорымдардағы ескерткіштердің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай екі типке, топографиялық орналасу ерекшеліктеріне байланысты төрт топқа жіктеп қарастырдық.

Түйін сөздер: Жетісу, Есік-Рахат археологиялық кешені, Есік қорымы, тау алды аймағы, сақ мәдениеті, қорғандар.

G.K. Omarov¹, T.Zh. Tulegenov², B.B. Besetaev^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", Kazakhstan, Issyk

*e-mail: besetaev86@gmail.com

Issyk necropolis and adjacent mountain complexes of early nomads of Southeastern Zhetysu

The article presents the results related to the preservation and use of archaeological monuments of the Issyk necropolis and adjacent sites with supplemented and updated data of objects of the early nomad era located south of the Esik-Talgar highway, as a rule, in the chain of the Rakhat-Örikty part of the Esik-Rakhat archaeological complex. In general, we can talk about the Esik-Rakhat archaeological complex, which, in addition to the protected area of the reserve-museum, includes new types of funerary and memorial monuments of the foothill zone of Zhetysu. The research touches upon issues related to the periodization of the Zhetysu region in the classical Saka period (V–IV centuries BC), social stratification, ideological representations and the main economy of the Saka tribes in the early Iron Age, which greatly contributes to the study of the spiritual and material culture of the ancient population of this region. At the same time, the authors note that in the historiographical aspect, analyzing the opinions of scientific researchers concerning the issues of periodization of the Saka time, Zhetysu is one of the most urgent tasks today. In methodological terms, the study used methods of cartography, planography and stratigraphic observations, as well as elements and methods of typological and statistical analysis. According to the structure and features of the structure, the monuments were divided into two types, into four groups according to the topographic location of the burial grounds.

Key words: Zhetysu, Esik-Rakhat archaeological complex, Issyk necropolis, foothill zone, Saka culture, burial mounds.

Г.К. Омаров¹, Т.Ж. Тулегенов², Б.Б. Бесетаев^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», Казахстан, г. Есик

*e-mail: besetaev86@gmail.com

Некрополь Иссык и прилегающие погребальные комплексы ранних кочевников Юго-Восточного Жетысу

В статье изложены результаты, связанные с сохранением и использованием археологических памятников некрополя Иссык и прилегающих участков с дополненными и уточненными данными объектов эпохи ранних кочевников, расположенные южнее автотрассы Есик-Талгар как правило, в цепочке Рахат-Ориктинской части Есик – Рахатского археологического комплекса. В целом можно говорить об Есик-Рахатском археологическом комплексе, который помимо охранной зоны заповедника-музея включает в себя новые типы погребально-поминальных памятников предгорной зоны Жетысу. В ходе исследования затрагиваются вопросы связанные с периодизацией Жетысуского региона в классическое сакское время (V–IV вв. до н.э.), социальной стратификации, идеологических представлений и основного хозяйства сакских племен в раннем железном веке, что во многом способствует изучению духовной и материальной культуры древнего населения данного региона. Вместе с тем авторы отмечают, что в историографическом аспекте анализируя мнения ученых исследователей, касающиеся вопросов периодизации сакского времени Жетысу является одним из наиболее актуальных задач на сегодняшний день. В методологическом плане в ходе исследования использовались методы картографии, планиграфии и стратиграфические наблюдения, а также элементы и методы типологического и статистического анализа. По структуре и особенностям строения памятники были разделены на два типа, на четыре группы по топографическому расположению могильников.

Ключевые слова: Жетысу, Есик-Рахатский археологический комплекс, некрополь Иссык, предгорная зона, сакская культура, курганы.

Кіріспе

Қазақстандық археология ғылымында маңызды кезеңдердің бірі б.з.д. VIII–III ғғ. мерзімделетін ерте көшпелілер уақыты. Бұл кезең Жетісу өлкесінде алғашқы этносаяси бірлестіктер – протомемлекеттердің пайда болуымен байланысты. Алдымен сақтар, кейіннен сақ-үйсін кезеңінің тайпалық бірлестіктерінің қалыптасуымен ерекшеленеді. Аталмыш аймақтағы сақ мәдениетін зерттеу – отандық тарих пен археологияның негізгі бағыттарының санатында. Сақ-скиф тайпалық одақтарының мәдени орталықтарының бірі ретінде Жетісу өлкесі Геродот жазбаларындағы «герросс» іспетті сақ кезеңінің ескерткіштері көп шоғырланған киелі аймақтардың бірі, жалпытайпалық қасиетті өлке екендігін көрсетеді.

Жетісу территориясы Еуразияның сақ-скиф археологиясында ерекше орынды алады. Аталмыш аймақта ірі обалы қорымдар өте көп, сондықтан өңірді ерте көшпелілер заманындағы ерекше орталық ретінде қарастыру қажет. Сонымен бірге, аймақ ежелгі тас дәуірінен бастап-ақ ата қоныс екендігі белгілі.

Жетісу аймағындағы археологиялық ескерткіштердегі ежелгі қорымдардың алатын орны да ерекше. Аймақтың ерте көшпелілер уақытының басты дерек көзі болып табылатын

археологиялық ескерткіштерді кезеңдеу мәселесі әлі де болса толықтай шешілмеген өзекті мәселелердің бірі (Чекин, Тулегенов, Бесетаев, 2019: 410). Қалай дегенде де, археологиялық зерттеулер аймақтағы сақ дүниесі шеңберіндегі тығыз мәдени-шаруашылық байланыстардың болғандығын дәлелдеп отыр. Ескерткіштердің архитектуралық құрылысын, табылған олжаларды зерттеу мен топтау археологиялық кезеңдеу мен мерзімдеулерді түйіндеуге, сонымен қатар, сақ тайпаларының шаруашылық-экономикалық тұстарын саралауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бүгінгі таңда аталған ескерткіштердің барлығы дерлік бәз баяғы қалпында сақталмағанын есепке ала отырып, болашақта, бүгінгі күннің өзінде-ақ Жетісудан әлі де талай әлемдік жаңалық ашылуы өз кезегін күтуде.

Ерте сақ пен сақ-үйсін кезеңдерінен бастап салынған, бүгінгі күнде талай ғылыми жаңалықтарды бауырына басып жатқан көне «төбелер» Райымбек, Кеген, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Кербұлақ, Балқаш және Жамбыл аудандарында көптеп шоғырланған. Аталған кезеңнің ескерткіштері негізінен таудың бөктерлерінде, өзен аңғарларында, тау шатқалдарында орналасқан. Атап айтқанда, археология ғылымында кеңінен танымал ерте темір дәуіріне жататын Есік қорымы. Есік қорымы бұл аймақтағы бір ғана қорым емес, дәл

осындай көптеген элитарлық қорғандардың бірі ғана. Мұндай патша қорымдары Іле Алатауының солтүстігінен бастап тау өзендерін жағалай, Іле өзеніне құйған жерге дейінгі аралықты алып жатыр. Батыста Талғар өзенінің жағасын ала Бәйтерек қорымы, одан ары осы бағытта үлкен және кіші Алматы, Қаскелен, Күрті өзендері жағалауы бойында орналасқан. Қазіргі таңда бұл қорғандардан сақталғаны санаулы ғана.

Солтүстік-шығыста – әйгілі Бесшатыр қорғаны (Іле өзенінің оң жақ жағалауында) батыста – Қаракемер, Түрген (аттас өзеннің екі жағалауында) орналасқан. Патша қорғандары сонымен бірге Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендері жағалауларында және Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінің жоғарғы жағын ала солтүстік-шығысқа қарай атақты Елеке сазы, Шілікті және Берел қорымдарына дейін созыла орналасқан (Бесетаев, 2016: 46–47). Зерттеулердің нәтижесінде бұл ескерткіштердің бір деңгейде, бір уақытта тұрғызылғандығы анықталды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістерінің қатарында археологиялық барлау және қазба әдістері қолданылады. Сонымен бірге, мақалада қарастырып отырған археологиялық кешендер бірқатар сыртқы факторларға (географиялық ортаның рөлі, көші-кон, мәдениеттегі және тарихи процестердегі дәстүрлер) байланысты адам қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Нақты зерттеулер әдістемесіне келер болсақ дәстүрлі археологиялық әдістеріге жататын картография, планиграфия және стратиграфиялық бақылаулар, табылған олжалар кешенінің жіктелуі, аналогия әдісі, формальды салыстырмалы-типологиялық талдау, статистика элементтері мен әдістері, ретроспективті әдістер кешені арқылы жүзеге асады. Жұмыста жаратылыстану ғылымдарының көмегімен жүргізілген сараптамалар және ғылыми әдістер көмегімен археологиялық материалдарды зерттеу нәтижелерін пайдалануда көрсетілген пәнаралық тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Есік қорымы Алматы қаласының шығыс жағында 50 км жердегі Есік өзенінің оң және сол жақ жағалауларында, Құлжа тасжолының солтүстік-батысынан басталып Есік қаласының оңтүстік-батыс шегіне дейін созыла орналасқан. Сақ ақсүйектерінің мәңгілік мекеніне айналған

осынау ірі қорымда 150-ге жуық қорған болса, соның 80-нен астамы «Есік» қорық музейінің қорғау аймағына ене отырып, қайталанбас ландшафтқа ие болды. Байырғы дәуірлерде ескерткіштің аумағы – 1,5 мың га жетіп, қорымдағы қорғандардың саны 600-ден асқан. Үйінділерінің диаметрі 30 м-ден 90 м-ге дейін, ал биіктігі 4 м-ден 8 м-ге дейін келетін бұл қорғандар «патша қорғандары» қатарында. Қорған үйіндісі төбесінен тонаушылық іс-әрекеттен қалған терең ойық шұңқырларды көруге болады. Үлкен обалардың кейбір жеке бөліктерінен ескерткішті тонау кезіндегі сыртқа шығарылған топырақ арасында ұсақ тас үйінділері шашылып жатыр. Ірі обалар өзеннің малта жалпақ тастарымен қолмен қойғандай қоршалған. Қоршап тұрған қорғандар өте есте қаларлық археологиялық көрініс. Қорымда орналасқан ескерткіштердің типологиялық сипаттамасы бойынша екіге бөліп қарастыруымызға болады. Олар:

1. Тас қорған – жерлеу үйіндісі құрылысының бір түрі. Дөңгелек пішінді қорған үйіндісі тек қана тастардан тұрғызылған. Диаметрлері 5-тен 10 м-ге дейін, биіктігі 0,5-тен 1,4 м-ге дейін жететін ескерткіштер қорық аумағының барлық бөлігінде кездеседі. Олар негізінен 3-тен 5-ке дейінгі нысандармен сипатталып, жеке ықшам топтарды құрайды. Кейде археологиялық ескерткіштердің басқа түрлерінің арасында кездесетін дәл осындай нысандар жерлеу орындарының ең көп таралған түрі болып саналады.

2. Жерлеу құрылыстарының екінші түрі – арнайы платформа (тұғыр) үстінде орналасқан тас қорған. Қорған үйіндісі тастардан тұрады. Оныңқарапайым тас қорғандардан басты айырмашылығы, олар берік, әрі арнайы жасалған платформалық құрылыстың үстіне тұрғызылған. Бұл топтағы жоспары бойынша дөңгелек келген ескерткіштердің диаметрлері 25-70 м аралығында болса, биіктігі 2-ден 7 м-ге дейін жетеді де тізбек бойында орналасқан жеке топтарды құрайды. Қорық аумағының барлық бөлігінде жеке орналасқан нысандар да кездеседі.

Есік қорымын археологиялық ескерткіш ретінде археолог-ғалым А.Н. Бернштам 1936 жылғы еңбектерінде көрсетсе, 1939 жылы оның жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жалғастырып, қорымдардың жоспары түсіріліп, «біртекті» қорғандардың сызбалары жасалды. Зерттеуші қорғандардың тығыздығын және қорымдағы жерлеу орындарының көптігін, Есік қоры-

мындағы кейбір қорғандардың көлемі тан қалдыратын атап кеткен. Дегенмен, автор ескерткіштердің барлығы дерлік өз заманында тоналып кеткендіктен бұл жерден үлкен жаңалықтар күтпейтіндігін келтіреді, зерттеу жұмысының нәтижелері Ұлы Отан соғысынан кейін ғана 1948 жылы жарық көрді (Бернштам, 1948: 79–91).

Қорымдағы обалардың бірінен «Алтын адамның» табылуы ескерткіштің атын әлемге әйгілі етті. 1969 жылдың күзінде Есік қорымы орналасқан аумаққа жаңадан автобазаның құрылыс жұмыстарына байланысты ескерткішке археологиялық қазба жұмыстары басталып, ескерткіштің көлемі аса үлкен болғандықтан бастаған жұмыс қысқа дейін аяқталмай, 1970 жылдың көктемінде ғана жалғасын тапты. Қазба барысында қорғанның оңтүстік бүйіріндегі қосалқы қабірден Қазақстанның атақты археологиялық сенсациялық олжасы «Алтын адам» табылды (Акишев, 1978). Сол уақыттан бері Есік қорымдары зерттеушілер мен археологтардың басты назарынан тыс қалған емес.

Қорымда әр жылдары К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, А.Г. Максимова, А.С. Загородний, Б.Н. Нурмуханбетов, Ф.П. Григорьев және т.б. археологтар жұмыс атқарды. Ізденістерінің нәтижелері Жетісу өлкесінің ерте көшпелілерінің мәдениеті мен тарихын зерттеу барысында алынған ғылыми материалдар мен көптеген ғылыми жарияланымдарға арқау болды.

Есік қорымы аумағында ашық аспан астындағы музей құру идеясының өзі де, оның табанды іске асуы да «Алтын адамды» алғаш ашушылардың бірі, белгілі археолог Бекмұханбет Нұрмуханбетовке тиесілі. 1999 жылы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің жанынан «Алтын Адам» қауымдастығы құрылды, оның мақсаты – Есік қорымын музейлендіру ғана емес, сондай-ақ бүкіл ауданда туристік индустрияны ауқымды дамыту болды. Қауымдастық жұмысының қорытындысы ретінде музейдің тарихи-мәдени мұрасын жаңғырту бағдарламасына, сонымен бірге «Ұлы Жібек жолы бойымен» туризмді дамытудың ұлттық бағдарламасына қосылғанын атап өтуге болады. Сол жылы Есік қорымында Нұрмуханбетовтар отбасы тарапынан алғаш рет далалық лагерь құрылып, онда жылжымалы маусымдық экспозиция орналастырылды, Сондай-ақ, музейлендіру жұмыстары үшін үш қорғанға қазба жұмыстары жүргізілді. Лагерьдің ашылуының алғашқы айларынан бастап оның жабылуына дейінгі маусым аралығында келермендер үшін ежелгі сақ тайпа-

лары туралы ақпараттар берілді. Сол жылы Рахат ауылы маңындағы тау бөктерінде Бекмұханбет Нұрмуханбетов (бастамасымен) жергілікті ауылдың атымен аталатын ежелгі қалашықтың ашылуына себепкер болды. Осылайша экскурсиялық бағдарлама қосымша көрініспен байытылып, қорғандар панорамасына бүкіл қала қосылды. Сол уақытта зерттелген нысандардың біреуі қазіргі таңда музейлендірілген қорған ретінде қайта жасакталып қорық-музейдің экспозициялық нысанына айналды.

«Есік» қорық-музейінің ғылыми қызметі аумақтық тұрғыдан да кеңейіп, өзінің қорғау аймақтары шегінде экспозициялық ландшафтына тікелей әсер етпейтін археологиялық экспедициялар жүргізумен қатар, басқа да жерлерде, аумақтарда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Әртүрлі ескерткіштерде ғылыми-қолданбалы жоба шеңберінде көптеген археологиялық жұмыстарды жүргізу қажетті білімнің теориялық салмағын арттырумен қатар, қандай да бір нысанды зерттеуде әртүрлі әдістемелер мен тәжірибелерді қолдануды жетілдіруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде қорық-музейдің толыққанды және кең ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізуге қабілетті ғылыми мекеме ретіндегі мәртебесі көтеріле түсті.

2011 жылдан бастап қорымның түрлі бөліктерінде, соның ішінде «Есік» қорымдары (аттас өзеннің қос жағалауы) мен оған таяу аумақта орналасқан Өрікті – Рахат археологиялық кешені мен оған жататын телімдердегі ескерткіштерді есепке алу құжаттары түзіліп, толықтырулар енгізілді. Есік қорымындағы 157 нысандардың тіркеу төлқұжаттары (паспорттары мен есепке алу карточкалары) толтырылды. Нәтижесінде атқарылған жұмыс қорытындылары аясында Б.Н. Нұрмуханбетов пен Г.Р. Мұхтарованың бірлесіп жазған ғылыми мақаласында жарық көрді. Мақалада авторлар Есік қорымының құрама бөліктері, мерзімі мен жаңадан алынған тың ғылыми мәліметтер туралы хабарларды баяндайды (Нурмуханбетов, Мухтарова, 2011: 54–56).

2020 жылдың қараша айында «Есік» мемлекеттік тарихи мәдени қорық-музейінің қабырғасында ұйымдастырылған «І – Есік оқулары» халықаралық ғылыми онлайн конференциясында археолог А.З. Бейсенов «Археолог Б. Нұрмуханбетов және Есік өңірі ескерткіштерін зерттеу мәселесі» атты тақырыбында баяндалған ауқымды және ғылыми тұрғыдан алғандағы көлемді мақаласында, Есік өңіріндегі археологиялық ескерткіштердің

хронологиялық кезеңін дәйек етеді. Ғалым Жетісу сақтары мәдениетінің екінші кезеңін ғылыми ортада әзірше аты айтыла қоймаған Есік кезеңі мазмұнын құрайтын «Есік археологиялық мәдениетіне» тоқталады. «Жетісу сақтары» деп аталатын «ұзын» дәуірді «ерте», «орта» және «кейінгі» деп классикалық үштікке бөлу идеясын айтқан болатын (Бейсенов, 2020: 34–52). Осы мәселе бойынша ғалымдар арасында өзге де пікірлер бар (Иванов, 2019: 71–78).

Айта кетерлік мәселе, Жетісу өңіріндегі бірқатар зерттеулердің нәтижелері бойынша кейінгі немесе классикалық сақ кезеңінде (б.з.д. V–IV ғғ.) ескерткіштердің жерлеу-ғұрпындағы өзгерістерді байқауға болады. Бұл өзгерістер ескерткіштің жер үсті, жер асты (қабір) құрылыстарында ғана емес, табылған олжалар қатарынан аңғаруға болады (Чекин, Тулегенов, Бесетаев, 2019: 410). Дегенмен, аталмыш кезеңді жекелеген «археологиялық мәдениет» деп окшаулауға ертерек. Өйткені, бұл көптеген сараптамалар мен зерттеулерді қажет етеді. Бұл ретте Жетісудың сақ мәдениеттерін кезеңдестіруде, ескерткіштердің мерзімделуі аясында топографиялық орналасуы және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай топтау, сонымен қатар, табылған олжалардың қызметтік, мазмұндық сипаттамаларын жүйелеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл алдағы уақыттың еншісі.

Қазіргі таңда зерттеу аймағында 10 шаршы км аумақты алып жатқан территорияда ерте темір дәуіріне жататын төрт қорғандар тобы орналасқан. Атап айтқанда: 1. Есік қорымының батыс аумағы («Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей тобы). 2. Есік қорымының шығыс аумағы (II топ). 3. Үшінші топ (III) б.з.д. III–II ғғ. жерлеу орындары. 4. Төртінші (IV) топта жекелеген, ешқандай топ құрамына кірмейтін Есік саяжайларының ішкі аумағында орналасқан қорғандар.

Сонымен қатар, Есік қорымының оңтүстік шекарасын бойлай тау бөктеріндегі аумақтарда жүргізілген барлау жұмыстары барысында ерте темір дәуірімен сипатталатын Өрікті I, II, III және Рахат I, II, III, IV ғұрыптық жерлеу ескерткіштері анықталды. Аталған ескерткіштердің барлығы Есік-Рахат археологиялық кешені туралы айтуға толық мүмкіндік береді. Қолданыс аясы бойынша бұл аумақ тарихи-мәдени мақсаттағы жер санатына жатады және Есік қорық-музейінің қорғалатын табиғи ландшафты аймағы болып табылады. Мұндағы жер бетіндегі кеңістік адырлармен сипатталады. Қазақтар тау етегінің төменгі белдеуінің телімдерін осылай атаған.

Біздің тарапымыздан барлау-іздеу, қазба жұмыстарының нәтижелері күткен шамадан да аса жоғары болғанын көрсетті. Сайлармен бөлінген жоталардың жазық немесе сәл дөңес беткейлерінде сақ дәуірінің әртүрлі ескерткіштері табылып, ішінара зерттелді. Бұлар негізінен сақ-үйсін кезеңіне тән қорғандар тізбегі ретінде сипатталады. Ескерткіштердің саны мен орналасу ретін жоталардың көлеміне қарай бағалауға болады. Жайдақ беткейлері бар жоталардың ұзындығы бірнеше ондаған метрден 1-2 шақырымға дейін созылады және олардың биіктігі салыстырмалы түрде 30-дан 50 м-ге дейін жетеді.

Жалпы аймақтың топографиялық сипаты бізді байырғы тұрғындардың кеңістік және дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланысты болуы мүмкін деген ойға жетелейді.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде қорым құрамындағы бірқатар жерлеу орындары мен жапсарлас орналасқан нысандардың салынуына қатысты біршама мағлұматтар алынды.

Қорғандар (топырақ пен тас үйіндіден тұрғызылған) ескерткіштердің басым көпшілігін құрайды және қорымның бүкіл аумағында орналасқан. Ескерткіштерде анықталған жерлеу құрылыстары, олардың орналасу реті, жерлеу салты көрсеткіштері бойынша ескерткіштер ерте темір дәуіріне жатады.

Ескерткіштердің тік бағыт бойымен орналасуы да аса қызықты. Бұл ретте мынадай белгілерді атап өтеміз: арна, арна бойы, тегіс алаңқайлардағы террасалар. Мұнда орналасқан ескерткіштердің барлығы да жоғарыда аталған тарихи-мәдени мұра нысандарының қатарына жатады.

Бұндай негізде археологиялық жағдай келесідей көрінеді: тау бөктері мен ежелгі биік террасаларда үйінділері өзеннің қиыршық тастарынан тұратын көптеген шағын қорғандармен қатар, үйінділері малта тастармен топырақ аралас қорғандар да кездеседі. Солтүстік-оңтүстік бағытта тізбектеле созылған мұндай үлкен қорымдар Жетісудың тау бөктері аймақтарына тән болып табылады және орналасу аймағына қатысты салыстырмалы түрде жақсы сақталған. Жалпы бұл жағдайда патша қорғандарының сирек кездесуі немесе мүлдем болмауы анық байқалады. Мүмкін, анықталған нысандар, ең алдымен, сақ мәдениеті таралу ареалдарының нақты бір археологиялық кешенінің қалдықтарын, Жетісу сақтарының кейбір тайпалық топтарының (Өрікті-Рахат деп атауға болатын) орналасуының негізгі орталықтарының бірін білдіреді.

Талғар, Асысаға, Есік, Бәйтерек, Түрген, Қаракемер және Жуантөбе аймақтары сақтар одағының қасиетті орталықтарының бірі болып табылады. Есік, Түрген, Талғар, Шелек өзендері су стихиясын және табиғаттың жандандырушы айналымын білдіреді, тиісінше өзенаралық аймақтардың қасиетті элементтері артып, ал жағалаулары сақ ақсүйектерінің қоныстары мен қорымдары сипатында беріледі. Патша қорғандарының жанында салттық-ғұрыптық орындар мен қоныстар орналасқан. Өзенаралық аумақ «жоғарыдан-төменге» иерархиялық сатысы бойынша сақ ақсүйектерінің рулық және әскери, діни қызметкерлердің, ал төменгі бөлігі – мал шаруашылығымен айналысушылардың жерлеулері бар қорған нысандармен толықтырылған.

Ерте көшпелілер дәуірінде Іле Алатауының солтүстік баурайының ландшафтысының антропогендік игерілуі мен сакрализациясы негізгі үш функционалдық белгімен сипатталды. Яғни: қоныс, ғибадатхана, табиғи және діни түсініктермен байланысқан қорымдар.

Археологиялық олжалар және ескерткіштердің орналасу топографиясы Есік, Асысаға, Талғар, Бәйтерек, Түрген, Қаракемер және Жуантөбе ескерткіштердің осы түрінің көп екендігін көрсетеді (Мухтарова, Тулегенов, Бесетаев, 2021: 206–212). Жетісу территориясында, атап айтқанда тау бөктерлерінде, сақ тайпаларының әртүрлі ғұрыптық-салттық сипаттағы атрибуттары табылған. Бұлар: тіреуіш аяқтарында зооморфтық әшекейлері бар қола қазандар, ернеулерінде жабайы аңдар тізбектерінің мүсіндік бейнелері бар құрбандық тақталары, космогониялық бейнелері бар шырағандар. Осындай маңызды олжалардың санатына 2012 жылы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының экспозициясының қатарына қосылып, ғылыми айналымға енгізілген б.з.д. V–III ғасырларға жататын Түргеннен табылған қола астауды жатқызуға болады. Өлшемдері 120×120 см, биіктігі шамамен 30 см қола астаудың көлемі де айтарлықтай. Мұндағы маздеит-зороастрлық тақырыптағы зооморфтық мүсіндер ежелгі уақытта Есік пен Түрген аумағында рухани орталықтар мен сақ этномәдени бірлестігінің басты басқару орталығы орналасқандығына еш күмән келтірмейді.

Қорғандар, ең алдымен, белгілі тұлғаға арналып салынған жерлеу орны ретінде қабылданатыны белгілі. Қазіргі уақыттағы археология ғылымының сипатында жерлеу құры-

лыстарының жер үсті бөлігі сәулет ескерткіші мен кеңістіктегі микроәлемнің көрінісі ретінде қарастырылады және т.б. сипаттарда айтылды. Жетісу аймағының байырғы халықтарының әлеуметтік құрылымындағы элитарлы патшалар обаларының ерекше мәртебесі туралы белгіні растайтын заңдылық ретінде (Түрген, Асысаға, Бәйтерек, Есік, Өрнек, Қаракемер, Жуантөбе қорымдарын зерттеу нәтижелері бойынша) – биіктігі 6 м-ден басталатын барлық қорғандардың жоғарыда аталған «әулеттік тізбектерден» бөлек тұруымен расталады.

Қорытынды

Қорғандардағы жаңа зерттеулер сақ кезеңіне қатысты археологиялық түсініктерге қатысты білімімізді кеңейтетін ақпараттың айтарлықтай көлемін берді. Дегенмен көлемі үлкен қорғандардың тонаушылық әрекетке ұшырауы мен тізбектердің ретсіздігі нақты хронологиялық шешімдер шығаруды қиындатады. Алынған материалдар өлкенің ежелгі тарихын зерттеу барысында, оның ішінде археологиялық деректер бойынша Жетісу сақтары этногенезінің ерте кезеңдерін анықтау мәселесінде үлкен қызығушылық тудырады. Мұндай маңызды шешімдер негізінде Алматы облысы аумағындағы археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәдени-тарихи тұрғыдан келешегі зор екендігін білуге болады. Бұл ғылыми мақалада қарастырылып отырған Есік өңіріндегі ескерткіштер хронологиялық жағынан ерте көшпелілер дәуірі ескерткіштері болып мерзімделеді. Зерттеудің келесі бір бағыты аталған өңірлердің және көршілес жатқан аймақтардың этноқайнар көздерімен бірге көне мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты да анықтау негізінде құрылып, біршама қорытындылар жасалды. Кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер Есік ықшамаумағындағы байырғы ескерткіштер, ертедегі көне мәдениеттердің дамуы мен қалыптасуын аңғаруға мүмкіндік болды. Жоғарыда аталған мәдениеттердің әрбіреуінен сақталған нысандар бүгінгі күнде бізге ерекше мәдениет ретінде жетіп отыр.

Зерттелген ескерткіштерден табылған жәдігерлердің бір-бірімен ұқсастықтары, дүниетанымдық белгілері, шаруашылығы мен әлеуметтік тұстары, ескерткіш салу құрылыстарының ерекшеліктері мен ортақ белгілері ежелгі көшпелілер дәуірі, одан бергі көне түркі уақыты мәдениеттерімен сабақтасып, өзара

байланыстарының тамыры тереңде жатқандығын көрсетті. Ерте темір дәуірі ескерткіштері құрылымының күрделілігімен, көрнектілігімен, сәулет құрылыстарын салудың жоғары техникасымен көзге түседі.

Қарастырып отырған өлкедегі ерте темір дәуірі ескерткіштері көршілес аймақтардағы хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Жұмыстың тағы бір өзекті тақырыбына айналған «элитарлық» обалар кешені жөніндегі зерттеулер де өз бағытымен жұмыс атқаруда. Дегенмен, арақідік зерттеулер мен қазбалардан бөлек жалпылама сипаттамаларды есепке алмағанның өзінде элитарлы ірі обалардың іргелі мәселелері барынша терең зерттеулер мен

ізденістерді талап етеді. Нысандарды толықтай зерделеу (шығу тегі, мәдени-хронологиялық, семантикалық тұстары және т.б.), мәліметтерді әлеуметтік мәдени үлгілеуге қолдану үшін деректемелік қорды мағыналы, әрі мәнді түрде молайту мен жаңа зерттелген нысандарды кең көлемде зерттеу қажет. Оның үстіне аса ірі патшалық обалар тонаушылар тарапынан бұзылып, құртылуда. Мұндай қорғандарды қазу бірнеше жылдық зерттеулерді қажет етеді. Ол алдағы жылдардың еншісінде.

Мақала ЖТН: № BR0855232/БНҚ – «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері» атты ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Акишев К.А. (1978). Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство. 142 с.
- Бейсенов А.З. (2020). Археолог Б. Нұрмұханбетов және Есік өңірі ескерткіштерін зерттеу мәселесі // «I – Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары (20 қараша, 2020 ж.) / Жауапты ред.: Г.Р. Мухтарова. Алматы, 34–52 б.
- Бернштам А.Н. (1948). Памятники старины Алма-Атинской области (По материалам экспедиции 1939 г.) // Известия АН КазССР. Сер. археол. Вып. 1. № 46. С. 79–91.
- Бесетаев Б.Б. (2016). Случайные находки бронзовых вещей раннесакского времени из Восточного Казахстана // Вестник археологии, антропологии и этнографии. № 2 (33). С. 41–52.
- Иванов С.С. (2019). К выделению локальных вариантов сакской культуры Приятяньшанья // SCYTHIAetSARMATIA: сборник статей по материалам Международной научной конференции «Новое в исследованиях раннего железного века Евразии: проблемы, открытия, методики» (Москва, 13–14 ноября, 2017 г.) / Отв. ред. А.А. Малышев. М.: МАКС Пресс, С. 71–78.
- Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. (2021). Генезис культуры ранних кочевников Шелек-Талгарского междуречья Юго-Восточного Жетысу (на примере могильников Орнек и Тургенъ) // Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University. № 3 (102). С. 206–212.
- Нурмұханбетов Б., Мухтарова Г.Р. (2011). Могильник Иссык – Некрополь Иссык – Археологический комплекс Есик-Рахат – Республиканский государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов Круглого стола, посвященного 20-летию Независимости Республики Казахстан / Отв. ред.: А.З. Бейсенов. Караганды: Technology of Imaging, С. 54–56.
- Чекин А.Г., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. (2019). К вопросу о культурной принадлежности населения раннесакского времени Жетысу // Маргулановские чтения-2019: Материалы международной археологической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (19–20 апреля 2019 г.) / Отв. ред.: М.Х. Хабдулина. Нур-Султан, С. 409–417.

References

- Akishev K.A. (1978). KurganIssyk. IskustvosakovKazakhstan. [Issyk Kurgan. The art of the Saks of Kazakhstan]. Moscow: Iskuststvo, 142 p.
- Beisenov A.Z. (2020). Arkheolog B. Nurmukhanbetov zhane Esik oniri eskertkishterin zertteu maselesi [Archeologist B. Nurmukhanbetov and the problem of studying the monuments of the Issyk region]. «I – Esik okulary: Altin adam zhane Euraziyany dala beldeuinin koshpendiler arkheologiyasynyn maseleleri» atty khalykaralyk gylymi-tazhibelik onlain-konferentsiya materialdary. Almaty, P. 34–52.
- Bernstam A.N. (1948). Pamyatniki stariny Alma-Atinskoy oblasti (Po materialam ekspeditsii 1939 g.). [Ancient monuments of the Alma-Ata region (Based on the materials of the 1939 expedition)]. Izvestiya AN KazSSR. Ser. arkheol. Is. 1. No. 46. P. 79–91.
- Besetaev B.B. (2016). Sluchaynyye nakhodki bronzovykh veshchey rannesakskogo vremeni iz Vostochnogo Kazakhstana [Occasional findings of bronze items of the early Scythian time in East Kazakhstan]. Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No. 2 (33). P. 41–52.

Ivanov S.S.(2019). K vydeleniyu lokal'nykh variantov saksnoi kul'tury Priyatan'shan'ya [On the problem of differentiation of local variants of the Saka culture of Cistyanshan]. SCYTHIA et SARMATIA: Sbornik statei po materialam Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii «Novoe v issledovaniyakh rannego zheleznogo veka Evrazii: problemy, otkrytiya, metodiki». Moscow: MAKS Press, P. 71–78.

Mukhtarova G.R., Tulegenov T.Zh., Besetayev B.B. (2021). Genezis kul'tury rannikh kochevnikov Shelek-Talgarskogo mezhdurechiya Yugo-Vostochnogo Zhetysu (na primere mogil'nikov Ornek i Turgen' [The genesis of the culture of the early nomads of the Shelek-Talgar interfluve South-Eastern Zhetysu (on the example of the Ornek and Turgen burial grounds)]. Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University. No. 3 (102). P. 206–212.

Nurmukhanbetov B.N., Mukhtarova G.R. (2011). Mogil'nik Issyk – Nekropol' Issyk – Arkheologicheskiy kompleks Esik-Rakhat – Respublikanskiy gosudaorstvennyy istoriko-kul'turnyi zapovednik-muzei «Issyk». [Issyk Burial Ground – Issyk Necropolis – Esik-Rakhat Archaeological Complex – Issyk Republican State Historical and Cultural Reserve-Museum]. Saks kaya kul'tura Saryarki v kontekste izucheniya etnosotsiokul'turnykh protsessov stepnoi Evrazii. Karagandy: Technology of Imaging, P. 54–56.

Chekin A.G., Tulegenov T.Zh., Besetayev B.B. (2019). K voprosu o kul'turnoi prinadlezhnosti naseleniya rannesakskogo vremeni Zhetysu [On the question of the cultural belonging of the population of the Early Saka time Zhetysu]. «Margulanovskiye chteniya-2019»: Materialy mezhdunarodnoi arkheologicheskoi konferentsii, posvyashchennoi 95-letiyu vydayushchegosya kazakhstanskogo arkheologa K.A. Akisheva. Nur-Sultan, P. 409–417.